

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КАФЕДРАСЫНЫҢ «НЫСАНА» ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-
ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІНЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМІ**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Келісім Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің Экология және бағалау кафедрасының «Нысана» оқу - ғылыми-өндірістік кешенін ұйымдастыру және оның қызметінің негіздерін айқындайды.

Кафедраның «Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешені білім, ғылым мен өндірісті интеграциялаудың, кафедраның мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен өзара іс-қимылының ұйымдастырушылық формаларының бірі ретінде құрылады. Кафедраның «Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешені құрамына ерікті негізде: ҚҚЭУ «Экология және бағалау» кафедрасы және «Эксперт КБО» ЖШС кіретін бірлестік болып табылады.

ОҒӨК қатысушыларының қатарына ОҒӨК мақсаттары мен міндеттерін бөлісетін және кешен шеңберінде ынтымақтасуға ниет білдірген ЖОО, компаниялар мен ұйымдар кіруі мүмкін.

**«НЫСАНА» ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІНІҢ
МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

«Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің жұмыс істеу мақсаты «Экология және бағалау» кафедрасының мемлекеттік органдармен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен байланысын күшейту және ғылым мен бизнес саласынан жоғары білікті практик оқытушыларды тарту негізінде білім беру процесін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық және өндірістік кадрларды, оқу, ғылыми және өндірістік қуаттылықтарды студенттердің кәсіби дайындық процесін жетілдіру үшін пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

«Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешенін ұйымдастырудың міндеттері:

- болашақ экологтар мен бағалаушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін жетілдіру үшін Қарағанды облысы кәсіпорындарының жоғары білікті кадрларының тәжірибесін барынша тиімді пайдалануға жағдай жасау, оқу үдерісін тәжірибелік қызметпен жақындату;
- ғылыми-зерттеу және практикалық қызметте өзара көмек көрсету мақсатында кафедра мен кәсіпорын арасындағы ғылыми байланыстарды нығайту;
- оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру, кәсіпорындармен және ұйымдармен стратегиялық серіктестікті дамыту арқылы студенттердің практикалық дайындығын күшейту;
- оқу және ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу;
- бітірушілерді жұмысқа орналастыруға ықпал ететін студенттердің кәсіби бағдарлануы мақсатында практиканы ұйымдастыру және өткізу.

«НЫСАНА» ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

«Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің жүктелген міндеттеріне сәйкес экология және бағалау кафедрасы келесі негізгі қызметтерді атқарады:

- оқу үдерісін ұйымдастыруға жетекші маман-практиктерді тарту;
- мастер-класстар, семинар-тренингтер, платиналық дәрістер және студенттермен топтық консультациялар ұйымдастыру;
- студенттермен жеке кеңес өткізу; - курстық және дипломдық жобалау тақырыбын келісу;
- талапкерлердің білім берудің барлық деңгейлеріне кәсіби бағдарлануы бойынша іс-шаралар өткізу (бакалавриат-магистратура);
- ғылыми-зерттеу және қолданбалы аналитикалық жобаларды іске асыруға студенттерді, магистранттарды және оқытушыларды тарту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және бірлескен жұмыстарды жариялау;
- ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастыру;
- білім алушылармен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқыту процесінде практикалық қызметтің нақты жағдайларына бейімделуге ықпал ететін іс-шаралар өткізу;
- кәсіпорын құжаттарын оқу мақсатында пайдалану мәселелерін шешу және оны оқу процесінде және ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде тиімді қолдануды қамтамасыз ету;
- Ұйым бөлімшелерінде оқу үдерісін жоспарлау (көшпелі сабақтар);
- кафедра оқытушыларының өндірістік тәжірибе нәтижелері бойынша ұйым базасында авторлық курстарды енгізу;
- ұйым мамандарының біліктілігін арттыру және даярлау бойынша сабақтар өткізу;
- келісім-шарт негізінде және шығармашылық ынтымақтастық туралы келісім-шарт бойынша компания (ұйым) тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау; - ұйымның тәжірибелі мамандарын сағат бойынша ақы төлеу жағдайында оқу процесін өткізуге, сондай-ақ ғылыми семинарлар жұмысына қатысу үшін шақыру;
- ұйымдардың тапсырыстары бойынша студенттерді даярлауды жүзеге асыру;
- жоғары кәсіби білім берудің мамандандырылған басылымдарында ұйым мамандарының (қызметкерлерінің) және кафедраның ПОҚ еңбектерін бірлесіп жариялау.

Оқу-ғылыми-білім беру үдерісінде «Экология» және «Бағалау» білім беру бағдарламалары бойынша тәжірибелік база белсенді қолданылады.

«НЫСАНА» ОҒӨК ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН ҰЙЫМНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- белгіленген тәртіппен ұйым қызметкерлерін университетке даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін жібереді;

- бірлескен жоспарлар мен бағдарламалар бойынша оқу процесін жүргізу және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу үшін өндірістің жетекші мамандарын белгіленген тәртіппен жібереді;
- түлектердің кәсіби құзыреттілігін әзірлеуге қатысады;
- университеттің халықаралық рейтингі үшін QS сұрақ - сауалнамасына қатысады;
- студенттерге оқу және оқу-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін орындау үшін зертханалар, бөлімдер және басқа да бөлімшелер ұсынады, сондай-ақ университетте оқу кезеңінде өндірістік еңбекке қатысу үшін жұмыс орындарын бекітеді;
- студенттердің оқу-ғылыми-өндірістік кешен базасында оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикадан өту, кәсіпорын басшыларының дипломдық жобаларға басшылық (кеңес беру) мүмкіндігін береді;
- мемлекеттік аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысады;
- мастер-класстар, семинар-тренингтер, платиналық дәрістер және студенттермен топтық консультациялар өткізуге қатысады;
- курстық, дипломдық, магистрлік жобалар мен жұмыстарды, оқу ғылыми-зерттеу қызметін орындау үшін тақырыптарды ұсынады және ұйымнан жетекшілерді (консультанттарды) бөледі. Білім алушылардың кәсіпорын тапсырмасы бойынша орындаған жұмыстарын және оларды одан әрі енгізу үшін кәсіпорын немесе өндіріс қызметін жаңғырту және ұйымдастыруды жақсарту бойынша олар енгізген ұсыныстарын қарайды;
- белгіленген тәртіппен шарт негізінде университет орындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйым кәсіпорын қызметінің бейіні бойынша қаржыландырады;
- білім алушылар мен оқытушыларды жаңа техника үлгілерімен және ұйымда қолданылатын жаңа технологиялармен таныстырады;
- білім беру бағдарламаларының мазмұнын, білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін (соның ішінде практикаға бағытталған элективті курстарды енгізу бойынша) олардың практикаға бағдарлануын күшейту үшін жаңартуға және сараптауға қатысады;
- оқытушылардың ғылыми еңбектерін, дипломдық және магистрлік жобаларды рецензиялайды;
- кафедра оқытушыларының өндірістік тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік береді.
- серіктес кәсіпорындар базасында магистранттар мен докторанттардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу;
- магистранттар мен докторанттардың серіктес-кәсіпорындарға ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізу;
- магистранттардың ғылыми зерттеулері және олардың диссертациялары/ жобалары шеңберінде серіктес кәсіпорындардан тапсырысты тақырыптарды орындау;
- серіктес кәсіпорындардың білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, элективті пәндер каталогтарын, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша диссертациялар мен жобалардың тақырыптарын жобалауға, рецензиялауға және келісуге қатысуы;
- магистранттар мен докторанттардың ғылыми / эксперименталды-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін серіктес кәсіпорындар қызметіне енгізу;
- магистратура мамандықтары бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшелері ретінде серіктес-кәсіпорындардың қатысуы;

- университет магистранттары мен докторанттарының білім беру немесе ғылыми қызметімен байланысты ынтымақтастықтың басқа да түрлері.

«Нысана» оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің міндеттерін шешу мақсатында кафедра отырысында оның функциялары нақтылануы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Нысана» ОҒӨК өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы, сондай-ақ нақты жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, осы Ережені басшылыққа алады. «Нысана» ОҒӨК қызметі жыл сайын кафедраның ОҒӨК құрамына кіретін ұйымдармен бірлескен отырысында қаралады және бағаланады.

ОҒӨК жұмысын үйлестіруді кафедра меңгерушісі жүзеге асырады.

Ректор КЭУК, д.э.н.,
профессор

Аймағанбетов Е.Б.



Директор ТОО «ЦПО»
Эксперт»

Рябуха И.А.



28.08.18